

**"Қызылорда облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 514 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 12 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 23 қаңтарда № 8581-11 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қызылорда облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 514 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27331 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*Н. Налибаев*